

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2025 жылғы 19 мамырдағы № 46
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2025 жылы 19
мамырда № 36125 болып тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

«Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-75 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚР ДСМ-75 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23885 болып тіркелген) бұйрығына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесінде:

1-бөлімде. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі дәрілік заттар:

реттік нөмірі 46 -жол келесі редакцияда жазылсын:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

«

Психикалық бұзылулар мен мінез-құлықтың бұзылуы						
46	00-F99	Психикалық аурулар	Динамикалық байқауда тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Тригексифенидил, таблетка	N04AA01
					Хлорпромазин, таблетка	N05AA01
					Левомепромазин, таблетка	N05AA02
					Трифлуоперазин, таблетка	N05AB06
					Галоперидол, таблетка, инъекцияға арналған майлы ерітінді	N05AD01
					Клозапин, таблетка	N05AH02
					Оланзапин, таблетка	N05AH03
					Рisperидон, таблетка, ұзақ әсер ететін, бұлшықет ішіне енгізуге үшін суспензия дайындауға арналған ұнтақ, ішке қабылдауға арналған ерітінді	N05AX08
					Палиперидон, таблетка, бұлшықет ішіне енгізу үшін инъекцияға арналған әсері ұзақ суспензия	N05AX13
					Диазепам, таблетка	N05BA01
					Амитриптилин, таблетка	N06AA09
					Венлафаксин, таблетка, капсула	N06AX16
					Амисульприд, ішуге арналған ерітінді	N05AL05
			Ересектер	Опиоидты агонистермен қолдау терапиясына жататын пациенттер	Метадон, ішке қабылдауға арналған ерітінді	N07BC02

»;

3-бөлімде. Ересектерге арналған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі дәрілік заттар:

реттік нөмірі 1-1-жол келесі редакцияда жазылсын:

«

1-1	I10-I15	Артериалды гипертензия	Динамикалық байқауда тұрған барлық санаттар	2-4 дәрежелі қауіп; бүйректің созылмалы аурулары кезіндегі симптоматикалық артериялық гипертензия	Индапамид, таблетка, капсула	C03BA11
					Метопролол, таблетка	C07AB02
					Бисопролол, таблетка	C07AB07
					Амлодипин, таблетка	C08CA01
					Кандесартан, таблетка	C09CA06
					Эналаприл, таблетка	C09AA02
					Периндоприл, таблетка	C09AA04
					Периндоприл диуретиктармен комбинацияда, таблетка	C09BA04
					Фозиноприл, таблетка	C09AA09
				Базалық емнің тиімсіздігімен	Моксонидин, таблетка	C02AC05

»;

4-бөлімде. 18 жасқа дейінгі балаларға арналған амбулаториялық деңгейде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі дәрілік заттар, медициналық бұйымдар және мамандандырылған емдік өнімдер:

реттік нөмірі 1-1-жол келесі редакцияда жазылсын:

«

1-1	I10-I15	Артериалды гипертензия	Динамикалық байқауда тұрған балалар	2-4 дәрежелі қауіп; бүйректің созылмалы аурулары кезіндегі симптоматикалық артериялық гипертензия	Индапамид, таблетка, капсула	C03BA11
					Метопролол, таблетка	C07AB02
					Бисопролол, таблетка	C07AB07
					Амлодипин, таблетка	C08CA01
					Кандесартан, таблетка	C09CA06
					Эналаприл, таблетка	C09AA02
					Периндоприл, таблетка	C09AA04
					Периндоприл диуретиктармен комбинацияда, таблетка	C09BA04
					Фозиноприл, таблетка	C09AA09
				Базалық емнің тиімсіздігімен	Моксонидин, таблетка	C02AC05

».

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Дәрі-дәрмек саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі**

А. Альназарова